“№12 «Інжугүл» бөбекжай- балабақшасы МКҚК
ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ОТЫРЫСЫ

ХАТТАМА №1

Өткізілген күні: «21» тамыз 2026 жыл
Өткізілген орны: музыка залы
Қатысқандар: Қамқоршылық кеңес мүшелері (тізімі қоса берілді)

1.Калиева Жумабике Шамшудинова- төрағасы
2.Уркумбаева Акканым Жаксыевна білім саласының ардагері-мүшесі
3.Мамбетьярова Динара Бахыткерейқызы үштік одақ мүшесі-мүшесі
4.Максотова Жансая Ертайқызы үштік одақ мүшесі- ата-ана-мүшесі
5.Мәзін Мира Жексенқызыүштік одақ мүшесі-ата-ана -мүшесі
6.Каратаев Абат Даулеткереевич»Актюбинский вестник» газет тілшісі--мүшесі
7.Бержанова Лаура Тсаболатовна-ата-ана-хатшы

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Қамқоршылық кеңестің нормативтік құжаттарымен танысу.
2. Кеңес құрамына іріктеуден өткен, қалалық білім бөлімінің бұйрығымен бекітілген кандидаттармен танысу.
3. 2026–2027 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын құру, бекітуге ұсыну.
4. 2026-2027 оқу жылында балабақшада тәрбиеленушілермен жүргізілетін қосымша ақылы қызмет түрлерін және төлемақысын енгізу туралы

І.ТЫҢДАЛДЫ: Қамқоршылық кеңестің нормативтік құжаттарымен танысу.

СӨЙЛЕДІ: Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Жетесова Б.Ж. Қамқоршылық кеңес мүшелерін «білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 29 тамызда №15584 болып тіркелгенін айтып,ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а.03.03.2023 №56 бұйрығымен өзгертулер енгізілгенін тағы да таныстырып, қамқоршылық кеңесінің нұсқауымен және кейбір тарауларын оқып таныстырды. Атап айтқанда, Қамқоршылық кеңесті құру тәртібі, оның қызметінің негізгі бағыттары, мүшелерінің құқықтары мен міндеттері, кеңес отырыстарын ұйымдастыру және шешім қабылдау рәсімдері туралы жан-жақты түсіндірме берілді.Өз сөзінде меңгеруші Қамқоршылық кеңестің білім беру ұйымы мен ата-аналар қауымдастығы арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға, тәрбиеленушілердің сапалы білім мен тәрбие алуына қолайлы жағдай жасауға, балабақшаның материалдық-техникалық базасын жетілдіруге және қоғамдық бақылауды қамтамасыз етуге бағытталған консультативтік-кеңесші орган екендігін атап өтті.Сонымен қатар, Қамқоршылық кеңестің негізгі міндеттері ретінде білім беру ұйымының даму перспективаларын талқылау, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі мен әл-ауқатына қатысты мәселелерді қарастыру, демеушілік және қайырымдылық көмекті тартуға жәрдемдесу, білім

ШЕШІМІ:

1. Қамқоршылық кеңестің қызметіне қатысты нормативтік құжаттар назарға алынсын. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығын басшылыққа алып жұмыс жасалсын. Кеңес мүшелері өз жұмыстарында қолданыстағы заңнамалық құжаттарды басшылыққа алсын.

2. Қалалық білім бөлімінің бұйрығымен бекітілген Қамқоршылық кеңес мүшелерінің құрамы назарға алынсын. Кеңес мүшелері өз қызметтерін қолданыстағы ережелерге сәйкес жүзеге асырсын.

3. 2025–2026 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары макұлдансын. Жұмыс жоспары бекітуге ұсынылсын. Жоспардың орындалуын Қамқоршылық кеңесінің төрағасы мен балабақша әкімшілігі бақылауға алсын.

4.Балабақшада балалардың жас ерекшелігі мен қызығушылығына қарай қосымша ақылы үйірмелер ашылсын..Үйірмелердің жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп, тоқсан сайын есебі берілсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: Калиева Ж.Ш.

Хатшы: Бержанова Л.Т.